


Сурет 5. Сабақ материалынан үзінді.



Сурет 6. Сабақ материалынан үзінді.

Әдебиеттер:

1. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Г.Бейсенова, Қазақстан мектебі №6 - 2006ж
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
3. Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі. /Математика және Физика/ 2011 / Ж.Караев/
4. Н.Амирғалина. «Білім берудің инновациялық технологияларының бірі- тірек конспектілері». // Білім. Алматы, № 4, 2009ж.

Сұлтан Ә.К., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық, ПжП-21тобы, студент
(Ғылыми жетекшіі – п.ғ.к., доцент Бейсенбекова Г.Б.)

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

XX ғасырдың соңғы жарты жылдығында барлық өркениетті елдерде дарынды балаларды анықтап, зерттеу, оқыту және дамыту жұмыстары өркендеді, жеке тұлғаның әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдениеттік үдерістеріндегі ролі өзгерді. Соған орай, заманауи білім беру тұжырымдамасының бағыты шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: білім беружүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетін оқу-тәрбие беру үдерісінде дамыту керек деген болса[1], 2017 жылғы 31 қаңтардағы жыл сайынғы Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында білім беру жүйесін еңбек нарығының талаптарына сәйкес ұйымдастыру үшін жаңа жаһанға бейімдеу талабына лайықты жас ұрпаққа білім беру мәселелерінің өзектілігін айқындап берді, сонымен бірге дарынды, талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. «Бізге керекі – шын дарындар. Нарық қол – аяғымызды

калай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбыз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп, Елбасы елдің болашағы жастарға зор үміт артып отыр[2]. Осыған орай, бүгінгі күнгі педагогтардың алдында дарынды оқушыларға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерін, яғни жан-жақты дамыту міндеттері тұр. Тәуелсіздігіміздің 25 жыл ішінде қол жеткізген білім беру саясатының ең үлкен жетістіктерінің бірі еліміздегі зияткерлік мектептерінің ашылуы, оның негізгі ұстанымы бәсекеге қабілетті, рухани ой-өрісі кең шығармашыл дарынды оқушыны тәрбиелеу, сол себепті оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету білім беру жүйесінің негізгі қажеттіліктерінен туындайды.

Қолдау – білім беру ортасындағы психологтың кәсіби іс-әрекетінің жүйесі ретінде оқушыға эмоционалды жағдай туғызуға, оның оқуы мен дамуының сәтті құрылуына бағытталаған. Педагог-психологтың жұмысының ұйымдастырылуы үздіксіз процесс ретінде оқушының мектептегі кезі мен оның түлек болып шығуына дейін қолдау көрсетуді ұсынады.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық және мазмұндық мәселелерін әзірлеумен айналысатын зерттеушілер М. Р. Битянова, И. В. Дубровина, Е. И. Казакова, Т. И. Чиркова, Н.Н. Яковлева және т.б. болды. Дегенменде дарынды оқушыларға қолдау көрсету барысында психолог, педагогтардың еңбектерін есепке ала отырып, дарындылықтың шығу тегіне назар аударуы қажет.

Л.С. Выготский, П.Торранс, Н.С. Лейтес, С.Л.Рубинштейн, В.Крутецкий, Б.М. Теплов т.б. ғалымдар еңбектерінде жеке тұлғаның интеллектуалдығын, дарындылығы мен қабілеттілігін дамыту туралы жүйелі идеялар берді.

Белгілі психолог Н.С. Лейтес дарынды баланың негізгі қасиеттері мыналар деп көрсетеді:

- ұқыптылық, жинақтылық, зейіннің тұрақтылығы, еңбек ету қабілетінің жоғарылығы;
- ақыл- ой, логикалық ойлаудың тездігі, кез келген жағдайды талдап салыстыра білу;
- барлық күш- қуатты сарқа жұмсап тынымсыз еңбек етуі[3].

Қазақстанда дарындылық ұғымына өз көзқарастарын білдірген ойшыл, ағартушы ғалымдар – Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, М.Жұмбаев, Ж. Аймауытов және т.б.

Абай Құнанбаев «адамдарды қоршаған ортадағы объективті шынайылықтың табиғи бөлігі дей отырып, балаға туғаннан білімге ұмтылу дарыны беріледі, бірақ өсе келе, ол біртіндеп бұл дарынды жоғалтады». Ақынның тұжырымы бойынша, сана мен ақыл-еңбек іс-әрекеті, еңбек процесінде қалыптасады. Демек қабілеттің туа біткенімен, жеке тұлғаның қалыптасуына тәрбиенің күші, еңбек іс-әрекеті және қоршаған ортаның әсері бар екеніне көз жеткізуге болады.

Ғылымда дарындылық туралы әр қилы анықтама тұжырымдамалар бар. Соның ішінде, психологтар дайындаған «Дарындылық тұжырымдамалары» құжатында: «Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктермен ерекшелінетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз », - делінген [4].

Негізінен, адам психологиясы - өте күрделі процесс. Бірақта дарынды оқушылардың психологиясы, яғни психологиялық ерекшелігі айқын көрінеді және дарынды оқушыларды оңай түсінуге болады деп үстірт қарауға да болмайды. Осыны мамандар есте ұстауы керек. Себебі жасөспірім кезінде оқушының кейбір ерекшеліктерін үлкендердің түсінбеуінен, осының нәтижесінде сол жасөспірім кезіндегі қабілетті шәкірттің дарындылығына тән қасиеттер дер кезінде жетілмей қалуы да мүмкін. Сол себепті дарынды оқушыларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу - қоғамдағы басты талаптардың бірі. Әрбір талантты оқушы еңбекке бейім, шығармашылық тапқырлықпен еңбек етеді. «Дарынды ұстаздан дарынды шәкірт шығады» демекші, дарынды оқушылардың көп болуы дарынды, шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтарға байланысты.

Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог – теориялық жағынан білімді, әлемдік педагогикалық озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып жүрген үнемі кәсіби шеберлікке ұмтылатын, тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын, оқушыны өзіне тарта алатын, тәлімгер, шығармашылық ізденістегі адам. «Дарынды, талантты тұлға – халқымыздың ең қымбат

байлығы». Мектептегі ғылыми ізденістер мен шығармашылық танытып, түрлі деңгейдегі сайыстардан абырой биігінен көрініп жүрген педагогтар мен шәкірттері де аз емес.

Оқушының дарындылығын дамыту үшін ата-ананың ролін жоққа шығаруға болмайды. Себебі оқушының бойындағы ерекшеліктерді алғаш көретін ата-ана. Оқушының дарындылығы тілінің дамуынан, ойлау қабілетінің шапшандығынан, зерттеушілік әрекетінен, өнердің түрімен айналысуынан, бір өнерге бейімділігінен көрінеді. Дарынды оқушыларға ата-анадан қолдау барынша көп болуы қажет. Сонымен бірге, мектеп педагог - психологімен ынтымақтастық қатынас орнату арқылы оны жүзеге асыруға болады.

Осы кезде дарынды оқушыны анықтау, дамыту, оған қолдау көрсету деген мәселелер - білім жүйесінде қолға алынып жатқан өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушымен жұмыс жүргізетін тәлімгер, жан-жақты білімді, әсіресе оқушы жанын жазбай танитын сезімтал психолог болуы тиіс. Педагог-психолог жұмыс барысында дарынды оқушылардың сыныптағы жағдайын, яғни сынып ішіндегі қарым-қатынасын бақылайды және реттейді.

Мектептегі психологиялық қызмет орталығы дарынды оқушыны оқу үрдісінде педагогпен бірдей субъект ретінде қабылдап, қарым - қатынасын жетілдіріп, оқушылардың танымдық-сезімдік қиындықтарын, практикалық іс-әрекеттерін дамытуға, өз болашағына бағыт-бағдар қоя білуге, оқушылардың жеке басының қалыптасу және даму ерекшеліктерін білуге жағдай жасайды. Дарынды оқушылармен жұмыс жасау барысында бақылау, эксперимент, тест, анкета, әңгіме әдістері кеңінен қолданады. Әрбір жасалған әдістер қағаз бетіне түсіріліп, нәтижесі шығарылып отырады. Нәтижелерді ескере отырып педагогтарға және ата-аналарға нұсқаулар беріледі. Егер ата- ана педагог, психолог бірлесе дарынды оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетсе оқушының дамуы толыққанды нәтижесін береді.

Дарынды оқушылармен жұмыс барысында қолданып жүрген психологиялық әдістемелер төмендегідей:

- Интеллектуалдық мүмкіншілігін анықтауға арналған тест Н.Ржичан;
- Оқу мотивін анықтау сауалнамасы;
- МЭДИС әдістемесі;
- Сөздік логикалық ойлау деңгейі. Замбациявич тесті;
- Ақыл- ой дамуының мектептік тесті. К.М.Гуревич;
- Интеллект тесті. Р.Кеттелл;
- Торренс әдістемесі;
- Б.Басс әдістемесі;
- Холланд әдістемесі. Кәсіби тұлғалық типін анықтау;
- Баланың профилдік қызығушылығын анықтау. Л.Г.Матвеева;
- Жалпы дарындылықты бағалау әдістемесі. Ата – анаға сауалнама;
- «Дарындылық картасы» әдістемесі. Савенков.

Осы зерттеу әдістемелерін жүргізу арқылы дарынды оқушы қабілеттерінің нәтижесін көруге болады. Олардың бойынан табылатын асыл қасиеттердің, өмірге құштарлықтың, биік ізгіліктің кілті-мыңды жығатын білімінде[5]. Биылғы жылы мен педагогикалық іс-тәжірибиемді Қарағанды қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткіздім. Соған орай, мектеп педагог-психологының дарынды оқушылармен жүргізетін жұмыс бағыттарымен тәжірибие барысында танысып бақыладым. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуі психологтар мен педагогтардың және ата-аналардың біріккен жұмысы негізінде іске асады.

Білім алушының дарындылығын анықтауда, ең алдымен, оқушының отбасы жағдайы зерттелінеді. Ата-анасымен танысып, отбасы деңгейі анықталған жағдайда оқушының табиғатына жақын шығармашылық қабілеті анықталады. Ата-ана - оқушы-бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете біледі және әрбір оқушы-баласына ақпараттар жинайды. Осы тұрғыда ата-ананың көмегімен оқушының білімін дамытуға жағдай жасау үшін психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік алады. Ата-анасымен оқушының табиғатындағы ерекше қасиеттері туралы, шығармашылық қабілетінің даму сипатын

талқылау оқушыны жете тануға септігін тигізеді. Дарындылықты анықтау мақсатында арнайы сауалнамалар және психодиагностикалық тренингтер жүргізіледі.

Назарбаев Зияткерлік мектебіне 7 сыныптан бастап қабылданғанан кейін, оқушылар жан-жақтан келуіне байланысты олардың бейімделуі бірінші мәселе болады. Мектептің педагог-психологтары оқушымен әрі сенбі түрлі тренингтер өткізіледі. Бұл мектепте оқушылардың дарындылығын дамыту педагог-психологтардың үлесінде. Әрбір оқушыға жеке-жеке құжат жасалған. Сонымен қатар, мектепте біздің байқағанымыз оқушылар еш қысылмай педагог-психологтың кабинетіне барып, өзінде болып жатқан түрлі жағдайларды айтып, кеңес сұрайды және де педагог-психологтар тек қана дарынды оқушыға ғана емес, педагогтерге, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді.

Педагог-психологтар дарынды оқушымен жемісті жұмыс жасау үшін мектеп тарапынан жақсы қолдау көрсетілген, яғни кабинеттердің ережеге сәйкес болуы және де бір ерекшелігі психопрофилактика бөлмесінің болуы. Бұл мектептің дарынды оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудегі педагог-психологтың жұмыс жасау ерекшелігіне тоқтала кетсек:

- 7 сынып оқушыларында 6 апта бойы түрлі бейімделу тестері өтіп олардың бейімделу деңгейін анықтайды;

- әр сенбі сайын барлық оқушыларға өзін-өзі дамыту сабақтары болады және де оны педагог-психолог жүргізеді;

- дарындылық деңгейін анықтау үшін Айзенк тестін қолданады;

- жеке-жеке құжаттар және де ол құжаттар 5 бағыт бойынша жасалған.

Дарынды оқушыны диагностикалау мына бағыттарда жүргізіледі:

Оқушының креативті ойлауынан;

оқушының өзін-өзі бағалау деңгейіне;

оқушының толеранттылығына ;

оқушының интуициясына;

оқушының лидерлік қасиеті;

оқушының қызығушылығы;

оқушының көңілінен шығатын іс – әрекеттер.

Қорыта келегенде, әрбір оқушыны жеке тұлға десек, оның өте күрделі, көп аспектілі қыры ол - дарындылық. Дарындылықты дер кезінде анықтап, оны дамыту үшін және болашақта кезігетін проблемаларды алдын алу үшін оқушыларды еңбекке, уақытты бағалауға тәрбиелеу керек.

Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың жүйелі, орынды ұйымдастырылуы дарынды оқушылардың дарындылығын анықтау маңызыдылығын көрсетеді. Әрбір дарынды оқушыларға тек қана мектеп тарапынан ғана емес, оқушының дарындылығын дамытуға ата-ана жағынан да қолдау болу қажет. Себебі дарындылық өз бетімен дамымайды. «Дарындылық тұлға - халқымыздың ең қымбат байлығы», - деп Елбасымыз айтқандай, дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеуде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бүгінгі күнгі білім беру саясатының алдыңғы қатарлы сұрақтарында орын алады, өйткені дарынды оқушылар еліміздің жарқын болашағы деп түсінеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007
2. <https://pdf.egemen.kz/pdfs/2017/01/31012017-web.pdf>
3. Психология одаренности детей и подростков // под ред. Н.С. Лейтеса. – М.: Академия, 1996. - 416с.
4. Имашева Ш. Дарынды оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру // Қазақстан мектебі. - 2015. - №1(1068). - Б. 11- 14
5. Төлеубай Ж. Мектеп психологының дарынды оқушылармен жұмысы // Мектептегі психология. - 2009. № 6.- Б.17- 19